

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 6 қарашадағы N 1053 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Владимир Сергеевич Школьникке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілісін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республикасының Үкіметі

бір Тарап инвесторларының инвестицияларын екінші Тарап аумағында кемсітпеушілік негізде қорғау қажеттілігін тани отырып;

бір Тараптың жеке және заңды тұлғаларының екінші Тарап аумағында инвестициялар саласындағы экономикалық ынтымақтастығын кеңейтуге жәрдемдесуді ниет ете отырып ;

осындай инвестицияларға берілетін режим туралы келісім Тараптардың жеке капиталының ағынын және экономикалық дамуын ынталандыратынын тани отырып;

инвестициялар үшін тұрақты негіз экономикалық ресурстарды барынша тиімді пайдалануды барынша ұлғайтуға үлес қосатынымен және өмірлік деңгейді жақсартатынымен келісе отырып ;

экономикалық және іскерлік байланыстарды дамыту халықаралық танылған еңбек құқықтарын құрметтеуге ықпал ете алатынын тани отырып;

бұл мақсаттарға денсаулықты, қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғауды әлсірететін жалпы пайдалану шараларынсыз қол жеткізу мүмкін еместігімен келісе
о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Айқындамалар

О с ы К е л і с і м н і ң м а қ с а т ы ү ш і н ,

1. "Инвестициялар" термині бір Тараптың инвесторлары екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік мақсатта соңғысының аумағында салатын немесе салған активтерінің кез келген түрін, сондай-ақ бұдан туындайтын құқықтарды білдіреді және атап айтқанда, бірақ айрықша емес мыналарды:

(а) жылжымалы және жылжымайтын мүлік пен жалға алу, ипотека, мүлікті ұстап қалу құқығы мен салу сияқты кез келген мүліктік құқықтарды;

(б) үлестерді, акцияларды, борыштық міндеттемелерді және компанияларға қатысудың кез келген басқа нысандарын;

(в) ақшалай талаптарды немесе экономикалық құндылығы бар келісім-шартқа сәйкес кез келген о р ы н д а у д ы ;

(г) авторлық құқықтарды, сауда маркаларын, патенттерді, өнеркәсіптік үлгілер мен техникалық процестерді, ноу-хауды, коммерциялық құпияларды, сауда атауларын және гудвиллдерді қоса алғанда, зияткерлік меншік құқықтарын;

(д) табиғи ресурстарды іздеуге, игеруге, алуға немесе пайдалануға арналған концессияларды қоса алғанда, заңға сәйкес немесе шартқа сай ұсынылатын іскер концессияларды қ а м т у ы м ү м к і н .

Өз аумағына инвестицияларды қабылдайтын мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес болған инвестициялар нысанының кез келген өзгерісі оларды инвестициялар ретінде а й қ ы н д а у ға ә с е р е т п е й д і .

2. "Инвестор" термині бір Тарап мемлекетінің екінші Тарап мемлекетінің аумағында соңғы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес инвестицияларды жүзеге асыратын субъектісін білдіреді, және:

(а) кез келген Тарап мемлекетінің азаматы болып табылатын және өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес инвестицияларды жүзеге асыруға заңды құқығы бар кез к е л г е н ж е к е т ұ л ғ а н ы ;

(б) Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес құрылған және тіркелген әрі инвестицияларды жүзеге асыруға заңды құқығы бар кез келген заңды тұлғаны қамтиды.

3. "Кірістер" термині пайданы, пайыздарды, дивиденттерді, роялтиді, лицензияланған сыйақылар мен басқа да төлемдерді қоса алғанда, инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған қаражатты білдіреді.

4. "Аумақ" термині оларда тиісті Тарап мемлекеті халықаралық құқықтың

нормаларына сәйкес егемендігін жүзеге асыратын және өз заңи құзыретін қолданатын құрлықты, жер қойнауы суын және әуе кеңістігін қоса алғанда, құрлықтық, теңіз және әуе шекараларының шегіндегі Тараптардың бірі мемлекетінің аумағын білдіреді.

5. "Гудвилл" термині мыналарды білдіреді:

а) фирманың іскер байланыстарының шартты құны, жинақталған материалдық емес активтердің бағасы, болмашы капиталдың - сауда маркасы беделінің, іскерлік байланыстар тәжірибесінің, орнықты клиентураның, сондай-ақ басқару, ұйымдастыру және техникалық ресурстарды, қаржы әлеміндегі репутацияны, өткізу қызметін бақылау тетігін ақшалай бағалау;

б) тұтастай алғанда кәсіпорынның бағасы мен нақты негізгі капитал бағасының арасындағы айырмашылық ретіндегі болмашы негізгі капитал, активтер. Болмашы теріс актив кәсіпорынның сату және теңгерімдік құны арасындағы айырманы білдіреді.

2 - б а п

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Әрбір Тарап өз аумағында екінші Тарап инвесторларын көтермелейді әрі олардың инвестициялары үшін қолайлы жағдай жасайды және өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес мұндай инвестицияларға рұқсат береді.

2. Әрбір Тарап өз мемлекетінің аумағында екінші Тарап мемлекеті инвесторларының инвестицияларына және инвестицияларынан түсетін кірістерге әділ және тең құқықты айналым, сондай-ақ толық, тұрақты қорғау мен қауіпсіздік береді.

3. Тараптардың ешқайсысы өз мемлекетінің аумағында екінші Тарап мемлекеті инвесторларының инвестицияларын ұлғайтуға, басқаруға, сақтауға, пайдалануға, иеленуге сатуға немесе басқаша билік етуге негізсіз, кемсіту немесе еріксіз шаралармен кедергі келтірмейді.

3 - б а п

Құқықтық режим

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың инвесторларына, олардың инвестициялары мен инвестициялардан түсетін кірістеріне ол ұлттық инвесторларға ие үшінші елдердің инвесторлары мен олардың инвестицияларына инвестицияларды кеңейтуге, басқаруға, қолдауға, пайдалануға, иелік етуге сатуға немесе басқа да билік етуге қатысты ұсынатын режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Осы Келісімнің әрбір Тарапы өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес инвесторлардың қызметі шектелетін және (немесе) жоққа шығарылатын саланы, қызмет аясы мен түрлерін айқындауға құқығын өзіне қалдырады.

4 - б а п

Босату

Осы Келісімнің ережелері Тарапты екінші Тарап мемлекетінің инвесторлары мен олардың инвестицияларына және инвестициялардан түсетін кірістеріне қазіргі немесе келешектегі кез келген режимнің пайдасын, преференцияны, немесе

(а) еркін сауда аймағындағы, кеден одағының, валюта одағының, жалпы нарықтың және кез-келген Тарап мемлекеті қатысушысы болып табылатын және мұндай одақтарға немесе осындай ұйымдарға алып келетін кез келген халықаралық шарттың мүш е л і г і н і ң ;

(б) кез келген халықаралық шарттың немесе Тарап мемлекетінің толық немесе басты түрде салық салуға қатысты ұлттық заңнамасының нәтижесі болып табылатын артықшылықты ұсынуға міндеттеу ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

5 - б а п

Экспроприация және өтемақы

1. Кез келген Тарап екінші Тарап мемлекеті инвесторының инвестицияларын тікелей немесе жанама экспроприациялауға немесе мемлекет иелігіне алуға немесе:

(а) мемлекеттік және қоғамдық мақсатта;

(б) кемсітпеушілік тәсілмен;

(в) тиісті заңды рәсімге сәйкес;

(г) осы баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес алдын ала, барабар және тиімді өтемақы төлей отырып қабылданатындарды қоспағанда, кез келген мұндай шараларды (бұдан әрі - экспроприация) қабылдауға тиіс емес.

2 . Ө т е м а қ ы :

(а) кідіріссіз төленуі тиіс. Кідіріс болған жағдайда, бұл кідірістің нәтижесі болып табылатын валюта бағамына байланысты кез келген залалды қабылдаушы Тарап к ө т е р е д і ;

(б) экспроприациялауды жүзеге асыру күнінің алдындағы күнгі экспроприацияланған инвестициялардың әділ нарықтық құнына теңесуі тиіс. Әділ нарықтық құн экспроприация туралы бұрын көпшілікке белгілі болуы салдарынан құнның қандай да бір өзгерісін көрсетпеуі;

(в) толық сатылатын және еркін аударылатын болуы;

(г) экспроприациялау күнінен бастап нақты төлем күніне дейін төлем валютасы үшін нарықтық негізде белгіленген коммерциялық ставка бойынша пайызды қамтуы т и і с .

3. Екінші Тараптың экспроприациясынан зардап шеккені туралы мәлімдеген кез келген Тарап мемлекетінің инвесторы осы баптың ережелеріне сәйкес оның инвестицияларын бағалау мен өтемақы төлеуді қоса алғанда, оның ісін соңғы Тарап мемлекетінің сот органының немесе басқа да құзыретті және тәуелсіз органының жедел қайта қарауына құқығы болуы тиіс.

6 - б а п

Залалдарды өтеу

1. Екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы соғыстың немесе басқа да қарулы қақтығыстардың, төтенше жағдай жай-күйінің, төңкерістің, көтерілістің, бас көтерудің салдарынан инвестициялары залал шеккен бір Тарап мемлекетінің инвесторларына

соңғы Тарап мемлекетінің аумағында соңғы Тарап реституцияға, өтеуге, өтемақыға немесе басқа да реттеуге қатысты, соңғы Тарап өз инвесторларына немесе инвестор үшін неғұрлым қолайлы болып табылатын кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына ұсынатындарынан қолайлылығы кем емес режим ұсынады.

2. 1-тармақта айтылған жағдайдың кез келгенінде:

(а) екінші Тарап күштерінің немесе билігінің оның инвестицияларын немесе олардың бөліктерін тәркілеуі;

(б) жағдайдың қажеттілігімен талап етілмеген, екінші Тарап күштерінің немесе билігінің инвестицияларды немесе олардың бөліктерін бұзуы кез келген жағдайда соңғы Тарап реституция немесе өтемақы ұсынуы тиіс, бұл кез келген жағдайда тез, барабар және тиімді болуы тиіс. Бұл ретте өтемақы 5-баптың 2 және 3-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

7 - б а п

Аударымдар

1. Әрбір Тарап өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес екінші Тарап мемлекетінің инвесторларына өз аумағына және одан олардың инвестициялары мен инвестицияларға қатысты аударылатын төлемдер аударымын қамтамасыз етеді. Мұндай төлемдер атап айтқанда, бірақ айрықша емес мыналарды қамтуы тиіс:

(а) салымды ұстауға немесе ұлғайтуға арналған бастапқы капитал және қосымша с о м а л а р ;

(б) к і р і с т е р ;

(в) инвестицияларды толық немесе ішінара сатудан немесе жоюдан алынған түсім;

(г) несие төлемін қоса алғанда, келісім-шартқа сәйкес жүзеге асырылатын төлемдер;

(д) 5 және 6-баптарға сәйкес төленетін өтемақы;

(е) даудан туындайтын төлемдер;

(ж) шет елде жалға алынған және инвестициялармен байланысты жұмыс істейтін персоналға жалақы және басқа да сыйақылар.

2. Әрбір Тарап осы баптың 1-тармағында айтылған аударымды аумағында инвестиция жүзеге асырылған Тарап мемлекетінің аударым күні қолданыстағы нарықтық валюта бағамы бойынша еркін айырбасталатын валютамен жүзеге асыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

3. Шетел валютасы үшін айырбас нарығы болмаған кезде валютаны Халықаралық валюта қорының арнайы қарыз алу құқығына аударуға арналған ең соңғы валюта бағамы қолданылатын бағам болуы тиіс.

4. Кез келген Тарап әділ, кемсітушіліксіз және өз мемлекетінің:

(а) банкроттыққа, төлем қабілетсіздігіне немесе кредиторлардың құқықтарын қ о р ғ а у ғ а ;

(б) бағалы қағаздарды және туынды қаржы құралдарын шығаруға, сатуға немесе

олармен жасалатын операцияларға;
(в) құқық бұзушылықтарға;

(г) қаржылық есеп беруге немесе заңды жүзеге асыруға немесе қаржылық бақылау органдарына жәрдемдесу қажет аударымдар есебін жүргізуге;

(д) сот немесе әкімшілік процестерде бұйрықтарды немесе сот шешімдерін орындауды қамтамасыз етуге;

(е) салықтарды немесе басқа міндетті төлемдерді төлеуге қатысты заңнамасын адал қолдану жолымен осы баптың 1, 2 және 3-тармақтары үшін залалсыз аударымды шектей алады.

8 - б а п

Суброгация

Егер Тарап немесе оның уәкілетті органы екінші Тарап мемлекетінің аумағында инвестордың инвестицияларына қатысты берілген өтемге, кепілдіктерге немесе сақтандыру келісім-шартына сәйкес төлемдерді жүзеге асырса, соңғы Тарап мұндай инвестордың кез келген құқықтары мен талаптарының бірінші Тарапқа немесе ол айқындаған органға суброгация үшін кез келген құқықтар мен талаптарды алдыңғыдағыдай шамада жүзеге асыру үшін ауысуын мойындауы тиіс.

9 - б а п

Инвестор мен Тарап арасындағы даулар

1. Бір Тарап мемлекеті мен екінші Тарап мемлекеті инвесторының арасындағы инвестицияларға қатысты кез келген дау мүмкіндігінше келіссөздер арқылы реттелуге т и і с .

2. Егер дау жазбаша нысанда туындаған күннен бастап 3 айдың ішінде шегінілмесе, дау инвестордың немесе Тараптардың бірінің таңдауы бойынша:

(а) аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Тарап мемлекетінің құзыретті с о т ы н ы ң , немесе

(б) 1965 жылғы 18 наурызда Вашингтон қаласында қол қою үшін ашылған, Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғаларының арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы конвенцияға сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықтың (бұдан әрі - Халықаралық орталық) төрелік сотының, немесе

(в) егер Тараптардың бірі ғана осы тармақтың (б) тармақшасында көрсетілген Конвенцияның қатысушысы болып табылса, Халықаралық соттың қосымша қызметтеріне сәйкес төрелік соттың, немесе

(г) егер даудағы тараптар өзгеше келіспесе, Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) төрелік ережелеріне сәйкес құрылатын кез келген "ad hoc" төрелік сотының қарауына жіберілуі м ү м к і н .

3. Дауды ұлттық соттың қарауына жіберген инвестор, егер ұлттық соттың қарау

мәні бойынша шешім шығарылғанға дейін инвестор ұлттық сот рәсімдері арқылы істі одан әрі жалғастырмайтындығын жарияласа және істі қайтарып алса, осы баптың 2-тармағының (б) тармақшасында немесе 2-тармақтың (в) тармақшасында айтылған төрелік трибуналдардың біріне жүгінуіне болады.

4. Кез келген төрелік осы бапқа сәйкес даудағы кез келген Тараптың сұрауы бойынша 1958 жылғы 10 маусымда Нью-Йорк қаласында қабылданған Шетелдік төреліктің шешімдерін тану және орындауға келтіру туралы конвенцияның (бұдан әрі - Нью-Йорк конвенциясы) қатысушы болып табылатын мемлекетте жүргізілуі тиіс. Осы бапқа сай төрелікке ұсынылған талаптар Нью-Йорк конвенциясының 1-бабының мақсаттары үшін қаралуға тиіс.

5. Әрбір Тарап осымен осы бапқа сәйкес өзінің және басқа Тарап мемлекетінің инвесторы арасындағы дауды төрелікке ұсынуға өзінің сөзсіз келісімін береді.

6. Даудың қатысушысы болып табылатын Тараптардың бір де біреуі төрелік рәсімдерінің немесе төрелік шешімін орындаудың кез келген кезеңінде қарсылығын білдіре немесе даудың тарабы болып табылатын инвестор сақтандыру үшін шығынының бөлігін немесе барлығын жабатын өтем алу фактісін көрсете алмайды.

7. Шешім даудағы тараптар үшін түпкілікті және міндетті болуы тиіс және аумағында Тараптың құзыретті органы шешімді жүзеге асыратын Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес орындауға келтіруі тиіс.

1 0 - б а п

Тараптар арасындағы дауларды шешу

1. Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мүмкіндігінше келіссөздер және консультациялар жолымен шешілуге тиіс.

2. Егер дау бұлайша немесе мұндай келіссөздерді кез келген Тарап жазбаша түрде сұрау салған күннен бастап алты (6) ай ішінде Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша ол төрелік соттың қарауына берілуге тиіс.

3. Мұндай төрелік сот әрбір жеке іс үшін мынадай үлгіде құрылуы тиіс. Төрелік туралы өтінішті алғаннан кейін екі (2) ай ішінде әрбір Тарап соттың бір мүшесін тағайындайды. Содан соң бұл екі мүше Тараптар мақұлдағаннан кейін басқа екі мүше тағайындалған күннен бастап төрт (4) ай ішінде тағайындалуы тиіс үшінші мемлекеттің азаматын Төраға етіп сайлауы тиіс.

4. Егер осы баптың 3-тармағында белгіленген кезең ішінде қажетті тағайындаулар жасалмаса, кез келген Тарап, басқа кез келген келісім болмағанда, қажетті тағайындау жасауға БҰҰ Халықаралық сотының Төрағасын шақырады. Егер Төраға Тараптар мемлекетінің кез келгенінің азаматы болып табылса немесе көрсетілген функцияны орындауға өзге де жағдайлар кедергі келтірсе, онда БҰҰ Халықаралық сотының Тараптар мемлекетінің кез келгенінің азаматы болып табылмайтын немесе көрсетілген функцияны орындауға өзге жағдай кедергі келтірмейтін жоғарылығы бойынша келесі мүшесі қажетті тағайындау жасау үшін шақырылуға тиіс.

5. Төрелік сот шешімді көпшілік дауыспен қабылдауы тиіс. Соттың шешімі екі Тарап үшін де ақырғы және міндетті болуы тиіс. Әрбір Тарап өзі тағайындаған мүшенің және төрелік процесіндегі өкілдігінің шығыстарын көтереді. Екі Тарап Төрағаның шығыстарын, сондай-ақ басқа да шығыстарды тең үлесте көтереді. Сот шығыстарды бөлуге қатысты басқа шешім қабылдай алады. Барлық басқа қатынастарда төрелік сот рәсімінің өзіне тән ережелерін айқындайды.

6. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген дауға қатысты даулы мәселелер осы Келісімнің ережелеріне және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттарына сәйкес шешілуге тиіс.

1 1 - б а п

Шығыстар

Тараптар өздерінің осы Келісімді орындауы барысында туындайтын шығыстарды егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, Тараптар мемлекетінің ұлттық заңнамасында көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

1 2 - б а п

Б а с қ а е р е ж е л е р м е н а р н а й ы міндеттемелерді қолдану

1. Егер кез келген Тарап мемлекеті құқығының ережелері немесе халықаралық шарттардың ережелері жалпы немесе екінші Тарап мемлекетінің инвесторлары жүзеге асырған инвестицияларға осы Келісімде ұсынылатыннан неғұрлым қолайлы режим ұсынатын ерекше ережелерді қамтыса, онда соңғы Тарап мемлекетінің инвесторы неғұрлым қолайлы режим ұсынады.

2. Әрбір Тарап екінші Тарап мемлекеті инвесторының белгілі бір инвестициясына қатысты алуы мүмкін кез келген міндеттемені сақтауы тиіс.

1 3 - б а п

Осы келісімнің қолданушылығы

Осы Келісім кез келген Тарап мемлекеті инвесторларының екінші Тарап мемлекетінің аумағында, осы Келісім күшіне енгізілгенге дейін де, сондай-ақ одан кейін де жүзеге асырған барлық инвестицияларға қолданылады, бірақ осы Келісім күшіне енгізілгенге дейін туындаған және (немесе) реттелген инвестицияларға қатысты кез келген дауға немесе талапқа қолданылмауы тиіс.

1 4 - б а п

Жалпы ерекшеліктер

1. Осы Келісімде ештеңе Тараптардың бірінің ұлттық қауіпсіздікті сақтау үшін қажетті іс-қимылдарды немесе жария тәртіпті қолдауға арналған шараларды, мұндай шараларды Тараптардың еркін немесе негізсіз кемсітушілік нысандарымен жасырын инвестициялық шектеулермен қолданбауы шартымен, жүзеге асыруға кедергі

келтіретін ретінде түсіндірілуі тиіс емес.

2. Осы баптың ережелері осы Келісімнің 7-бабы 1-тармағының (д) тармақшасына қолданылмауы тиіс.

1 5 - б а п

Транспаренттілік

1. Әрбір Тарап өзінің екінші Тарап мемлекеті инвесторының реципиент-мемлекеттің аумағындағы инвестицияларына қатысты болуы мүмкін заңдарын және ережелерін, сондай-ақ халықаралық шарттарын кідіріссіз жариялауға, немесе өзге де түрде көпшілікке қол жетімді етуге тиіс.

2. Осы Келісімде ештеңе инвесторлар мен олардың инвестицияларына қатысты, оны ашу құқығын қолдануға кедергі жасайтын немесе құпиялықты қорғайтын оның құқығына қайшы келетін немесе жекелеген инвесторлардың заңды мүдделеріне залал келтіретін ақпаратты қоса алғанда, Тараптан кез келген құпия немесе меншікті құрайтын ақпарат ұсынуды немесе оған қол жеткізуге рұқсат беруді талап етпеуі тиіс.

1 6 - б а п

Консультациялар

Тараптар Тараптардың кез келгеннің сұрауы бойынша осы Келісімді түсіндіру мен қолдануға қатысты кез келген даулы мәселе бойынша консультациялар жүргізеді. Консультациялар жүргізетін орын мен оның уақыты дипломатиялық арналар бойынша Тараптардың құзыретті органдарымен келісіледі.

1 7 - б а п

Өзгерістер енгізу, күшіне енуі және қолданылуын тоқтату

1. Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді аяқтағаны туралы дипломатиялық арналар бойынша соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап екінші айдың бірінші күнінен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімде қолданыста болады.

3. Осы Келісім бір Тарап екінші Тараптың осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап он екі ай өткенге дейін қолданыста болады.

4. Осы Келісім тоқтатылған күнге дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты 1-16-баптардың ережелері осы Келісім тоқтатылған күннен бастап кейінгі 10 жыл кезеңде күшінде қалады.

2006 жылғы "___" қарашада _____ қаласында әрқайсысы қазақ, армян және

орыс тілдерінде екі данада жасалды, барлық мәтіндер тең дәлме дәл болып табылады. Осы Келісімнің ережелері әртүрлі түсіндірілген жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Армения Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК